



Бурабай ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 шілдедегі № 6С-29/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 тамызда № 6754 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 ақпандағы № 6С-56/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 25.02.2020 № 6С-56/4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 546 бабына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бурабай ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
XXIX сессиясының төрағасы

Р.Қайдауылов

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

Ө.Бейсенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Бурабай ауданының әкімі

Қ.Қарауылов

18 шілде 2018 жыл

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Мемлекеттік кірістер
комитетінің Ақмола облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер
департаментінің "Бурабай ауданы
бойынша Мемлекеттік кірістер
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
басшысының міндеттерін атқарушы

А.Едігенова

18 шілде 2018 жыл

Бурабай ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 29.05.2019 № 6С-43/11 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р/б №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштермен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	20
5	Карт	10
6	Бильярд үстелі	3
7	Уәкілетті ұйымның айырбастау пункті	10